

**Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы
«Қоңыратбек Құрманбаев атындағы Ақмола облыстық
фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
нәтижесі бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Қоңыратбек Құрманбаев атындағы Ақмола облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – *Кәсіпорын*) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды директордың 2023 жылғы 22 мамырдағы №138/1ө бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ережеге сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы: Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Қоңыратбек Құрманбаев атындағы Ақмола облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі: кәсіпорын директорының 2023 жылғы 24 мамырдағы №140-ө бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2022 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 1 маусымға дейін.

Кәсіпорын қызметінің талданатын кезеңі: 2023 жылғы 26 маусымға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) кәсіпорынның қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Кәсіпорынның қызметіне әсер ететін ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын өз қызметін, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттарын «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексіне, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтарына, жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Талдау барысында кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерттелді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

2. Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде зерттелетін уақыт аралығында келесі қызмет бағыттары қарастырылады.

1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Кәсіпорын кадрларын іріктеу тәртібі регламенттелген және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, сондай-ақ ұжымдық шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Ішкі талдау кезінде кәсіпорынның штат саны 297,75 бірлікті құрады: дәрігерлер – 47,75 бірлік, орта және кіші медициналық персонал – 175,5 бірлік, өзге де персонал – 75,5 бірлік.

Кәсіпорында қарастырылған кезеңде 119 қызметкер жұмыстан шығарылды (*оның ішінде 9 дәрігер, 86 орта және кіші медициналық персонал, 24 өзге персонал*), 87 қызметкер қабылданды (*оның ішінде 12 дәрігер, 55 орта және кіші медициналық персонал, 20 өзге персонал*).

Қызметкерлерді жұмыстан шығарудың негізгі себептері: тараптардың келісімі бойынша еңбек шартын бұзу, еңбек шартының мерзімінің аяқталуы, тараптардың еркіне тәуелді емес мән-жайлар болып табылады. Теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ.

Кәсіпорынның 33 қызметкері тәртіптік жазалауға тартылды. Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту, сондай-ақ кәсіпорын қызметкерлерінің қылмыстық және әкімшілік сипаттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны анықталмаған.

Талданатын кезеңде 382 оқыту және біліктілікті арттыру жүргізілді.

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына, кодекске сәйкес

корпоративтік этика кәсіпорында қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық қызметінің алдын алуға бағытталған жұмыстар үнемі жүргізіледі

Кәсіпорындар, сондай-ақ кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыру.

Талданатын кезеңде 382 оқыту және біліктілікті арттыру жүргізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына, корпоративтік этика кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық қызметінің алдын алуға, сондай-ақ кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу.

Жақын туыстары (*ата-аналары (ата-аналарымен), балалары, асырап алушылары (асырап алушылармен),* ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері немесе жұбайы (*зайыбы*) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде аффилиирлену фактілері анықталған жоқ.

Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініш түскен жоқ.

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бүргізу барысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Әлеуетті өнім берушілердің мүдделеріне лоббилеуді болдырмау, сондай-ақ айқындықты қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша конкурстық рәсімдер Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізіледі. Талданатын уақыт аралығында Мемлекеттік сатып алу сайтында 360 шарт ресімделді және орналастырылды оның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - 217 шарт;
- өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден - 87 шарт;
- ашық конкурс - 21 шарт;
- бір көзден тікелей жасасу арқылы - 35 шарт.

9 өнім берушіні сот Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп таныды.

Электрондық сатып алу веб-порталына есептер уақтылы ұсынылды. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдерінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

3. Қорытынды бөлім.

Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Орындаған:

**Бекітемін:
Директор**



С.А. Исмаилов

Ж.Р. Махашев

2023 жылдың 23 маусымы